

"Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті ұсыну қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 157 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 15 сәуірде № 38430 тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 132-бабының екінші бөлігіне сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

*Өнеркәсіп және құрылыс министрінің
міндетін атқарушы*

Р. Исакулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті ұсыну қағидалары.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 132-бабының 1) және 1-1) тармақшаларына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті ұсыну тәртібін айқындайды.

2-тарау. Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті ұсыну тәртібі.

2. Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде жер қойнауын пайдаланушы лицензияның/келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға геологиялық есепті, сондай-ақ аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті жер қойнауын пайдаланушы барлау кезеңінің алғашқы үш жылын жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісуге ұсынады.

3. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган есепті барлаудың бастапқы кезеңінің жұмыстар бағдарламасында көзделген жұмыстардың толық көлемде орындалуы тұрғысынан бір ай мерзімде қарайды.

Есепті қарау нәтижелері бойынша жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган есепті келіседі немесе егер барлаудың бастапқы кезеңінің жұмыстар бағдарламасында көзделген жұмыстар толық көлемде орындалмаған болса, келісуден бас тартады.

Қағидараларға қосымша

Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті ұсыну нысаны

Индекс: 1-КСТ.

Мерзімділігі: бір реттік.

Ұсынатын тұлғалар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар.

Қайда ұсынылады: жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға.

Ұсыну мерзімі: барлау кезеңінің алғашқы үш жылы.

Қарау мерзімі: түскен күннен бастап 1 ай.

1. Есеп мәтіндік және графикалық бөліктен (графикалық қосымшалар болған кезде) және ғарыштық суреттерден тұрады. Есепте мынадай құрылымдық элементтер қамтылған:

- 1) жапсырма (мұқабада);
- 2) титул парағы;
- 3) орындаушылар тізімі;
- 4) реферат;
- 5) геологиялық тапсырма (техникалық тапсырма);
- 6) мазмұны;
- 7) иллюстрациялар, кестелер тізімі (бар болса);
- 8) мәтіндік қосымшалардың тізімі (бар болса);
- 9) графикалық қосымшалардың тізімі (бар болса);
- 10) мазмұндық бөлігі;
- 11) пайдаланылған дереккөздердің тізімі (әдебиет);
- 12) мәтіндік қосымшалар (бар болса);
- 13) кестелер, иллюстрациялар (бар болса);
- 14) графикалық қосымшалар (бар болса);
- 15) метрологиялық сараптаманың қорытындысы;
- 16) патенттік зерттеулер туралы қорытынды (бар болса);
- 17) формуляр;
- 18) шолу (пікірлер);
- 19) бастапқы геологиялық материалдарды тапсыру актісі;
- 20) орындалған жұмыс көлемі және шығындарды есептен шығару туралы анықтама;
- 21) есептерді сақтауға жіберілетін ұйымдардың тізбесі.

2. Есеп қағаз және электронды түрде (флэш-жинақтағыштарда немесе компакт дискілерде) үш данада жасалады. Геологиялық есептің бір данасы Республикалық геологиялық қорларға, екіншісі – тиісті өңіраралық департаменттің аумақтық қорларына сақтауға жіберіледі, үшіншісі – жер қойнауын пайдаланушыда сақталады.

3. Есептердің мәтіні компьютерде А4 форматында теріледі (297 x 210 миллиметр). А3 форматы кестелер үшін қолданылады. Компьютерлік теру кезінде Word мәтіндік редакторы Times Kaz шрифтімен қолданылады - өлшемі № 14, Times New Roman - өлшемі № 14, кестелер үшін не өлшемі № 12, жоларалық интервал - бір.

4. Есептер мынадай параметрлерді ескере отырып ресімделеді:

1) сол жақтағы өріс -3 ,0 сантиметр;

2) оң жақтағы өріс - 1,5 сантиметр;

3) колонтитулдар - 2,0 сантиметр.

5. Есептер беттерін нөмірлеу - әр кітаптың шегінде өтпелі және дербес. Титул парағы нөмірленбейді.

6. 300 беттен астам көлемде есептер бөліктерге бөлінеді және көлемі 300 беттен аспайтын жеке кітаптар түрінде жинақталады, әр кітаптың жапсырмада және титулдық парағында бас әріптермен басылады және кітап нөмірі қойылады.

7. Кітап блогын тігу тек жіптермен жасалады.

8. Есептердің әрбір кітабы қатты мұқабада (мұқабада) ресімделеді.

9. Кен орындары мен кен көріністерінің каталогтары немесе пайдалы қазбалар кен орындарының паспорттары болған кезде олар жеке кітаптар түріндегі есептерге қоса беріледі.

"Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде геологиялық есептерді және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептерді ұсыну нысандарын" толтыру бойынша түсініктеме

(1-КСТ, біржолғы)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезіндегі геологиялық есептер және (немесе) аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептер" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды қызметті көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

3. Геологиялық есептер бойынша нысан жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға лицензияның/келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей беріледі.

4. Зерттелмеген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептер бойынша нысан жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға келісуге барлау кезеңінің алғашқы үш жылында ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

1. Жапсырманың өлшемі 140-150 x 100-110 миллиметр болатын тіктөртбұрыш нысаны болады, әрбір кітаптың, дәптердің, есеп папкасының мұқабасының ортасына орналастырылады және осы нысанға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

2. Титул парағы есептің бірінші парағы болып табылады және осы нысанның 2 және 3-қосымшаларына сәйкес ресімделеді.

3. Орындаушылар тізімінде барлық есеп берушілердің тегі бар.

Екі немесе одан да көп кітаптан тұратын есептерге арналған орындаушылардың тізімі бірінші кітапта орналастырылған.

4. Реферат бір параққа басылады және мыналарды қамтиды:

1) Жауапты орындаушының тегі мен аты-жөні (бас әріптермен), бұдан әрі қалған орындаушылардың тегі көрсетіледі;

2) есептің атауы, мәтіндегі мәтін беттерінің, иллюстрациялардың, кестелердің жалпы саны, мәтіндік және графикалық қосымшалардың саны (әрбір папкадағы графика парақтарының саны), ғылыми-техникалық алқада немесе қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссияда есепті қарау хаттамасы, электрондық дискілердің саны, есеп жасалған ұйымның атауы және оның толық мекенжайы, есептің аяқталған айы мен жылы, есеп жіберілген ұйымдардың тізбесі (жақшада), әкімшілік аймақ және 1:1000000 масштабтағы халықаралық сызбаға сәйкес, олардың шегінде жүргізілген жұмыстардың аумағы орналасатын (егер есеп бірнеше кітаптан тұрса, онда әрбір кітаптың көлемі жеке көрсетіледі) парақтардың номенклатурасы, орындалған жұмыстардың мәні, мақсаты, әдістері мен нәтижелері туралы мәліметтер, қысқаша қорытындылар, жұмыстардың тиімділігі, есепте баяндалған негізгі нәтижелерді қолдану мүмкіндіктері мен салалары туралы мәліметтер, түйінді сөздер;

3) құрастырушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы.

5. Геологиялық (техникалық) тапсырма жұмыстың бекітілген мерзімдері, оның мақсаттары, міндеттері мен кезеңдері туралы нақты мәліметтерді қамтиды. Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен келісімшарттық аумақта жұмыстар жүргізу кезінде геологиялық тапсырманың орнына есептерге келісімшартқа ең аз жұмыс бағдарламасы немесе одан үзінді көшірме енгізіледі.

6. Парақтың бір жағында басылған геологиялық (техникалық) тапсырманың түпнұсқасы ұсынылады.

7. Мазмұн кестесі барлық тақырыптарды, бөлімдерді, кіші бөлімдерді, есеп элементтерін және бетте орналасқан қосымшаны дәйекті түрде тізімдерді қамтиды.

8. Екі немесе одан да көп кітаптан тұратын есептердің бірінші кітабында кітаптардың әрқайсысы бойынша барлық есептің мазмұны бөлек, ал келесі кітаптарда тек осы кітаптың мазмұны орналастырылады.

9. Иллюстрациялар, кестелер тізіміне есептің мәтінде орналастырылған беттері көрсетілген барлық иллюстрациялардың нөмірлері мен тақырыптары кіреді. Екі немесе одан да көп кітаптан тұратын есептің бірінші кітабында кітап нөмірлері көрсетілген барлық иллюстрациялардың, кестелердің және мәтіндік қосымшалардың тізімдері, ал кейінгі кітаптарда тек осы кітаптың иллюстрацияларының, кестелерінің және мәтіндік қосымшаларының тізімдері орналастырылады. Мәтіндік қосымшалар тізімінде қосымшаның реттік нөмірі, оның тақырыбы (мәтіндегі қосымшаның тақырыбына дәл сәйкес келеді) және ол орналастырылған бет нөмірі көрсетіледі. Графикалық қосымшалардың тізімі есептің бірінші томында және графикалық қосымшалары бар папкада орналастырылады және осы нысанға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді. Тізімнің реттік нөмірі жоғарғы оң жақ бұрышта қызыл түспен көрсетілген графикалық қосымшаның парақ нөміріне сәйкес келеді.

Әр қалтада тізімнің реттік нөмірі бірден басталады, ал қосымшаның нөмірі өтпелі болады. Тізімнің төменгі жағында мыналар көрсетіледі: "есепте барлығы – (саны көрсетіледі) парақтардағы сызбалар, оның ішінде – (саны көрсетіледі) парақтардағы графикалық қосымшалар – (саны көрсетіледі) – "құпия" немесе "қызметтік пайдалану үшін" белгісі бар".

10. Мазмұндық бөлім кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Кіріспе орындалған жұмыстың мәні, мақсаты, әдістері мен нәтижелері туралы мәліметтерді, қысқаша қорытындыларды, жұмыстың тиімділігі, есепте баяндалған негізгі нәтижелердің мүмкіндіктері мен қолдану салалары туралы мәліметтерді қамтиды.

Негізгі бөлім жер қойнауы учаскесі аумағының кемінде отыз пайызын қамтитын алаңда екі өлшемді сейсмикалық жұмыстарды жүргізуді қамтитын барлаудың бастапқы кезеңіндегі геологиялық түсіру және (немесе) геофизикалық жұмыстардың ең аз көлемін қамтиды.

Қорытындыда жер қойнауы учаскесін одан әрі зерделеу жөніндегі ұсынымдар көрсетіле отырып, аз зерттелген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы негізгі тұжырымдар келтіріледі.

11. Пайдаланылған дереккөздердің (әдебиеттердің) тізімі алфавиттік тәртіппен жасалады және бірінші кітапта орналастырылған барлық қолжазба (қор) және жарияланған материалдарды қамтиды. Бір автордың бірнеше жұмысы болған кезде олар басылған жылдары бойынша, ал жылдар сәйкес келген кезде – атауларының

алфавиттік ретімен көрсетіледі. Содан кейін бірлескен авторлықта, бірлескен авторлардың фамилияларының алфавиттік ретімен, ал авторлық ұжымдар толық сәйкес келген кезде – басылымдардың хронологиялық тәртібімен жазылған жұмыстар көрсетіледі. Есептің (дереккөздің) библиографиялық сипаттамасы: автордың (авторлардың) тегі мен аты-жөнін, есептің тақырыбын қамтиды. Тақырыптан кейін "есеп" сөзі, есепті шығарған ұйымның атауы, қала және шығарылған жылы көрсетіледі.

12. Мәтіндік қосымшаларға еркін нысанда (А4 немесе А3 форматында бүктелген түрде) немесе есептің толықтығы және қорытындыларды түсіндіру үшін қажетті немесе олар үшін бастапқы материал (қималар мен ұңғымалардың сипаттамасы), қорларды есептеу кестесі, зертханалық анықтамалардың және оларды математикалық өңдеудің нәтижелері ретінде ресімделген қосымша материалдар енгізіледі.

Әр мәтіндік қосымшаның тақырыбы жаңа беттен басылады.

Мәтіндік бағдарлама парағының жоғарғы оң жақ бұрышында "қосымша" сөзі бас әріптермен басылады. Егер екі немесе одан да көп мәтіндік қосымшалар болса, олар "№" белгісіз араб цифрларымен нөмірленеді.

13. Сандық, мәтіндік немесе аралас материалды қамтитын кестелер есептерде мәтін арасындағы беттерде де, жеке парақтарда да орналастырылады.

Әр кестенің тақырыбы оның мазмұнын көрсетеді, кіші әріптермен басылады (бірінші бас әріптен басқа), соңында нүктесі жоқ және кестенің ортасына орналастырылады.

Кестелер есептің әр бөлімі бойынша жеке нөмірленеді. Кесте нөмірі бөлім нөмірінен және нүктемен бөлінген кестенің реттік нөмірінен тұрады. Егер есепте тек бір кесте болса, ол нөмірленбейді және "кесте" сөзі жазылмайды. Кесте нөмірі оң жақта тақырыптан екі интервал жоғары орналасқан немесе сызықша арқылы атаумен бір жолда орналасқан (жолдың басы).

Кесте ол туралы мәтінде бірінші рет айтылғаннан кейін орналастырылады.

Көптеген жолдары бар кесте басқа бетке көшіріледі, ал кестенің бағандары нөмірленеді және кестенің келесі бөліктерінде нөмірленеді. Тақырып пен реттік нөмір кестенің бірінші бөлігінде ғана көрсетіледі, келесі бөліктердің үстінде "жалғасы" сөзі жазылады. Графиктері немесе жолдары көп кесте бөліктерге бөлініп, бір бөлігі екінші бөліктің астына бірнеше параққа орналастырылады. Бұл жағдайда кестенің әр бөлігінде оның бүйірі немесе қақпағы сәйкесінше қайталанатын.

Мәтін мен кестелерге ескертпелерде тек анықтамалық және түсіндірме деректер көрсетіледі. Егер бір ғана ескерту болса, онда ол нөмірленбейді, ал "ескерту" сөзінен кейін қос нүкте қойылады. Егер бірнеше ескертпелер болса, онда "Ескертпелер" деген сөзден кейін қос нүкте қойылады және ескертпелердің мазмұны араб цифрларымен нөмірленеді.

14. Иллюстрациялар олардың егжей-тегжейлері мен жазулары (масштабы мен айқындылығы) сапалы репродукциялау, микрофильмдеу, сканерлеу мүмкіндігін

қамтамасыз ететіндей етіп ресімделеді: барлық иллюстрациялардағы сызықтың ең аз қалыңдығы 0,2 миллиметр, сызықтар арасындағы қашықтық – 0,8 миллиметрден кем емес, жазулардағы қаріптің ең аз мөлшері – 2,5 миллиметр, геометриялық фигуралардың бүйірлерінің ең аз өлшемдері (диаметрі) , шартты белгілер ретінде пайдаланылады – 2,5 миллиметр. Осы тармақта баяндалған шектеулер есепке графикалық қосымшаларға да қолданылады.

Барлық иллюстрациялар (суреттер, сызбалар, сызбалар) суреттер деп аталады, " Сурет" сөзімен белгіленеді және бөлім ішінде араб цифрларымен дәйекті түрде нөмірленеді. Иллюстрация нөмірі бөлім нөмірінен және оның нүктемен бөлінген реттік нөмірінен тұрады.

Егер есепте бір ғана иллюстрация болса, ол нөмірленбейді және "Сурет" сөзі жазылмайды.

Иллюстрациялардың атауы және түсіндірме деректері бар. Атау иллюстрацияның үстіне қойылады, түсіндірме деректер оның астына бас әріптермен, сызба астындағы мәтін кіші әріптермен (бірінші бас әріптен басқа) басылады. Иллюстрация нөмірі түсіндірме деректердің астына, ал егер ол болмаса – тікелей иллюстрацияның астына орналастырылады немесе иллюстрация нөмірін дефис арқылы атаумен бір жолда орналастырады.

Иллюстрациялар компьютерлік технологияны немесе сияны қолдана отырып жасалған немесе ксерокөшірмелер мен полиграфиялық әдістермен көбейтілген сызықшалар болып табылады.

Мәтінмен байланыстырылған кестелер мен иллюстрациялар жеке беттерде орналасады және жалпы нөмірлеуге енгізіледі. Есеп форматынан асатын (бірақ А3 форматынан аспайтын) парақтарда орындалған кестелер мен иллюстрациялар Бір бет ретінде бүктеледі және нөмірленеді.

Есепке әрбір графикалық қосымшада, оның ішінде көп парақты қосымшаның әрбір парағында парақтың төменгі оң жақ бұрышына бұрыштық мөртабан қойылады, қара сиямен немесе полиграфиялық тәсілмен орындалатын осы нысанға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Құжатқа қол жеткізуді шектеу грифі (егер бар болса) графикалық қосымшаның әрбір парағының жоғарғы оң жақ бұрышына қойылады.

Карталар болып табылатын графикалық қосымшалар масштабтан басқа бұрыштық мөртабанда осы қосымшаны жасау кезінде пайдаланылған картографиялық негізді көрсетеді. Есептің электрондық нұсқасында графикалық қосымшалар Portable Document Format (PDF форматы) форматында геологиялық қорларда пайдаланылатын компьютерлік бағдарламалар форматындағы көшірмесін қоса отырып, құрастырушы бағдарламаның бастапқы форматында ұсынылады.

Графикалық қосымшалар қалыңдығы 70-80 миллиметрден аспайтын 210 x 300 миллиметр форматындағы қалталарға орналастырылады. Алаңдық геологиялық

түсірілім жұмыстары бойынша графикалық қосымшалар көлемі 700 x 700 миллиметрге дейінгі папкаларда халықаралық диаграмманың стандартты парақтарында ұсынылады.

Графикалық қосымшалардың барлық парақтары папка пішімі бойынша бүктелген парақтың алдыңғы жағында бұрыштық мөртабан болатындай етіп бүктеледі.

Қалтадағы графикалық қосымшалар бір-бірімен байланысты емес, бірнеше парақта жасалған қосымшалардың жеке парақтары бір-біріне жабыспайды.

Графикалық қосымшалары бар папкаға осы нысанның 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жапсырма жапсырылады, онда "графикалық қосымшалар" деген субтитр жасалады, бұл ретте кітап нөмірі көрсетілмейді. Егер графикалық қосымшалары бар қалталар біреуден көп болса, олар жапсырмада көрсетілген нөмірмен нөмірленеді.

15. Екі немесе одан да көп кітаптан тұратын есептер үшін метрологиялық сараптаманың қорытындысы бірінші кітапта орналастырылады.

16. Патенттік зерттеулер туралы қорытынды осы нысанға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Бірнеше кітаптан тұратын есеп үшін патенттік зерттеулер туралы қорытынды олардың біріншісінде орналастырылады.

17. Есеп формуляры осы нысанға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

18. Қосымшалары бар есептер, метрологиялық сараптаманың қорытындысы, патенттік зерттеулер туралы қорытынды және орындалған жұмыс көлемі мен шығындарды есептен шығару туралы анықтама жұмыстарды орындаушы ұйымда белгіленген тәртіпке сәйкес рецензияға беріледі.

Рецензия тақырыбында есептердің толық атауы (есептің титулдық парағына сәйкес), шифры, жауапты орындаушының тегі көрсетіледі.

19. Бастапқы геологиялық материалдар есепке қоса берілетін бастапқы геологиялық материалдарды тапсыру актісі бойынша өңіраралық департаменттің мұрағатына тапсырылады. Екі және одан да көп кітаптан тұратын есеп үшін бастапқы геологиялық материалдарды тапсыру актісі есептің бірінші кітабына орналастырылады және осы нысанға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

20. Геологиялық барлау жұмыстарының орындалған түрлері мен көлемдері және объект бойынша есептен шығаруға жататын шығындар туралы анықтамада геологиялық барлау жұмыстарының сметалық құнының жиынтық есебіне сәйкес геологиялық барлау жұмыстарының кезеңдері мен түрлері бойынша бөле отырып, физикалық мәндегі жұмыстардың жоспарланған (жоба бойынша) және нақты орындалған түрлері мен көлемдері, жұмыстардың сметалық құны және нақты шығындар көрсетіледі, сондай-ақ геологиялық түсірудің бір шаршы шақырымының сметалық және нақты құны. Анықтамаға қаржы-экономикалық қызметтің басшысы (бас бухгалтер) және жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз еткен ұйымның бірінші басшысы қол қояды. Екі және одан да көп кітаптан тұратын есеп үшін Анықтама

олардың біріншісіне орналастырылады және осы нысанға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Егер есеп бірнеше кітаптан тұрса, онда қарау хаттамасы бірінші кітапта орналастырылады. Хаттама есептің мәтініне тігіледі немесе оның көлемі үлкен болған жағдайда (7 беттен артық) есепке жеке қосымша түрінде ұсынылады.

21. Есептерді сақтауға жіберілетін ұйымдардың тізбесі есептің бірінші томының соңғы бетінде орналастырылады және осы нысанға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

1942 жылғы бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесінде (КЖ-42) орындалған координаттар каталогтары есептің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке дәптерде орындалады. Құпия емес нысанда орындалған координаттар каталогтары есептің бірінші кітабында ресімделеді және осы нысанға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Үлгілік мекенжай бөлігі

Атауы _____ Мекен-жайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Жер қойнауын
пайдаланушылардың
көмірсутектерді барлау мен
өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және
(немесе) зерттелмеген аумақтар
шегінде орналасқан жер
қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитетінің жапсырмасы

_____ жер қойнауын пайдаланушының атауы _____

_____ жұмыстарды орындаушы ұйымның атауы

Қол жеткізуді шектеу грифі _____

Данасы _____

Жауапты орындаушы _____

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)

Есеп _____

есептің толық атауы

бағдарламаның/кіші бағдарламаның атауы мен нөмірі, тақырыптары,
лицензиялар/келісімшарттар сериясы және нөмірі _____
кітаптардың жалпы саны _____
кітаптың реттік нөмірі атауы _____
Есепті шығару орны, жылы

Жер қойнауын
пайдаланушылардың
көмірсутектерді барлау мен
өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және
(немесе) зерттелмеген аумақтар
шегінде орналасқан жер
қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
2-қосымша

**Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және (немесе) зерттелмеген аумақтар шегінде жер қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің**

титулдық парағы _____ жер қойнауын пайдаланушы ұйымның
атауы _____ орындаушының атауы

Әмбебап ондық сыныптамасы _____ Құжатқа рұқсатты Мемлекеттік шектеу
грифі _____ тіркеу № _____ дана
Түгендеу № _____

"Келісемін"
Геология комитетінің төрағасы

қолы тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда)
20 __ жылғы " __ " _____

есептің толық атауы _____
есепбағдарламаның/кіші бағдарламаның, тақырыптың атауы мен нөмірі,
лицензияның/шарттың сериясы мен нөмірі, жұмыстардың ауқымы мен парақтардың
номенклатурасы, жұмыстардың орындалу кезеңі

кітаптардың жалпы саны _____
кітаптың нөмірі және атауы _____
Ұйымның басшысы _____
Қолы мен күні, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Есептің шығарылған орны, жыл

Жер қойнауын
пайдаланушылардың
көмірсутектерді барлау мен
өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және
(немесе) зерттелмеген аумақтар
шегінде орналасқан жер
қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
3-қосымша

Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) зерттелмеген аумақтар шегінде жер қойнауы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің титулдық парағы

_____ Өңіраралық департаменті
жер қойнауын пайдаланушы ұйымның атауы _____
орындаушының атауы _____

Әмбебап ондық сыныптамасы _____ Мемлекеттік тіркеу № _____ Түгендеу № _____	Құжатқа рұқсатты шектеу белгісі _____ _____ дана
	"Келісемін"
	Аумақтық басқарманың
	басшысы _____
	басшының тегі, аты, әкесінің аты
	(бар болған жағдайда)
	20__ жылғы "___" _____

_____ (есептің толық атауы (жұмыстың орындалу кезеңі, масштабы, парақтардың номенклатурасы, бағдарламаның/кіші бағдарламаның, тақырыптың атауы мен нөмірі)

_____ (кітаптардың жалпы саны) (кітаптың нөмірі және атауы)

Орындаушы ұйымның басшысы _____

(лауазымы) (қолы мен күні) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Есептің шығарылған орны, жылы

Жер қойнауын
пайдаланушылардың
көмірсутектерді барлау мен
өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және
(немесе) зерттелмеген аумақтар
шегінде орналасқан жер

қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
4-қосымша

Графикалық қосымшалардың тізімі

р/с №	қосымшаның атауы	қосымшаның нөмірі	қосымпадағы парақ нөмірі	Қосымшаның масштабы	Қосымшаның құпиялылық дәрежесі
1	2	3	4	5	6

Барлығы: _____ графикалық қосымшалар _____ парақта, құпиялылық дәрежесі

Жер қойнауын
пайдаланушылардың
көмірсутектерді барлау мен
өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және
(немесе) зерттелмеген аумақтар
шегінде орналасқан жер
қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
5-қосымша

Бұрыштама мөртабан

Есепті жасаған ұйымның атауы	Есептің, бағдарламаның/кіші бағдарламаның, тақырыптың атауы және тағы басқалар	
	Жауапты орындаушы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Есепті тапсырған жыл
Қосымша парақ	Қосымшаның атауы	
Қосымшаның ауқымы		
Құрастырған: Тексерген:	Лауазымы, қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Лауазымы, қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	

Жер қойнауын
пайдаланушылардың
көмірсутектерді барлау мен
өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және
(немесе) зерттелмеген аумақтар
шегінде орналасқан жер
қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
6-қосымша

Патенттік зерттеулер туралы қорытынды

Бағдарлама/кіші бағдарлама, тақырып _____

атауы, нөмірі _____

Жауапты орындаушы _____

Патенттанушының қорытындысы _____

күні 20 __ жылғы " __ " _____

патенттанушы _____

Жер қойнауын
пайдаланушылардың
көмірсутектерді барлау мен
өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және
(немесе) зерттелмеген аумақтар
шегінде орналасқан жер
қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
7-қосымша

Есеп формуляры

бойынша _____

есеп жасалған жұмыстың атауы _____

Есеп авторы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

р/с №	Жазба күні	Жасалған жазбаның мазмұны	Жазба жасаған тұлғаның атқаратын лауазымы және қолы
1.		Есеп республикалық геологиялық қорға сақтауға қабылданды	Департамент директоры _____
2.		Есепті қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссия қарады және қабылдады (қорлар есептелетін есептер үшін)	Жер қойнауын сараптама жасау басқармасының басшысы _____
3.		Есепті қорлар жөніндегі аумақтық комиссия қарады және қабылдады (қорлар есептелетін есептер үшін)	Қорлар жөніндегі өңіраралық комиссияның басшысы _____
4.		Есепті геология өңіраралық департаменті қарады және қабылдады:	Геологиялық қорлардың басшысы _____

5.		Есепті жер қойнауын пайдаланушы қарады және қабылдады	Басшы _____ _____
6.		Есепті жер қойнауын пайдаланушының мердігер кәсіпорны (орындаушы) қарады және қабылдады	Басшы _____ _____

Формуляр есептің әрбір данасына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) зерттелмеген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті ұсыну нысанына 8-қосымша "Келісемін"

Геология аумақтық органының басшысы _____ қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
20 ____ жылғы " ____ " _____

Бастапқы геологиялық материалдарды тапсыру актісі

р/с №	Бастапқы материалдың атауы	Тасымалдағыштың түрі (қағаз/электрондық)	Бастапқы материалдың түрі (мәтін/графика)	Парақтар саны	Ескертпелер
1	2	3	4	5	6

Тапсырды: _____ Жер қойнауын пайдаланушы (жұмыстарға тапсырыс беруші)

Қабылдады: _____

Аумақтық геологиялық қор қызметінің Қолы,

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) басшысы

Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде геологиялық есепті және (немесе) зерттелмеген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесінде

геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
9-қосымша

Есепті тарату (қағаз және электрондық нұсқасы) _____

_____ Есептің атауы

р/с №	Ұйымның атауы	Дана нөмірі (қағаз)	Дана нөмірі (электрондық)	Мекен жайы
-------	---------------	---------------------	---------------------------	------------

Жер қойнауын
пайдаланушылардың
көмірсутектерді барлау мен
өндіруді жүргізу кезінде
геологиялық есепті және
(немесе) зерттелмеген аумақтар
шегінде орналасқан жер
қойнауы учаскесінде
геологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
туралы есепті ұсыну нысанына
10-қосымша

Координаталар жүйесі: _____

Биіктіктер жүйесі: Балтық

р/с №	Ұңғыманың нөмірі	Геолграфиялық координаттар		Ротордың алтитудасы, метр
		Солтүстік ендік	Шығыс бойлық	
1	2	3	4	5